




Каникулдағы қосымша білім

6-бет



Тәртіп күшейсе, күмән сейіледі

7-бет



«Уа, Зәуреш...»

8-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№9 (30238) 14 ҚАҢТАР, ЖҰМА 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылнама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Телефон арқылы сөйлесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің басшыларымен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен, Арменияның Премьер-Министрі Никол Пашинянмен, Беларусь Президенті Александр Лукашенкомен, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровпен және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымындағы әріптестеріне

13 қаңтарда бітімгерлік күштердің елімізден шығарыла бастағаны жөнінде мәлімет беріп, Қазақстанға жасалған террорлық шабуыл кезінде қолдау көрсеткендері үшін алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы ұжымдық бітімгерлік күштерінің Қазақстанға қысқа мерзімге келуі ҰҚШҰ-ның беделді халықаралық ұйым ретінде қажетті әрі тиімді екенін көрсетті деп атап өтті.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Т.М.Сүлейменовті тағайындау туралы

Тимур Мұратұлы Сүлейменов Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалсын, ол Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 13 қаңтар № 766

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Б.Ө.Исабаев туралы

Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып тағайындалсын, ол Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Парламентіндегі Әкілдігінің басшысы лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 13 қаңтар № 768

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Әкімімен Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі лауазымына тағайындалды.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Сәуле Мұханбедиянқызы Айтпаеваның өкілеттігі тоқтатылды.

Мемлекет басшысының Әкімімен Жаслан Хасенұлы Мәдиев Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының орынбасары лауазымынан босатылды.

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

Жыры бітпеген LRT

Еліміздегі атышулы жемқорлық ісі қайсы десе, бірден Астана LRT еске түсері анық.

Қымбат ТОҚТАМҰРАТ, «Egemen Qazaqstan»

Жеті әкімге де «жеңістік бермеген» жеңіл рельс

Президент жақында жариялаған мәлімдемесінде де елорда көркінің құтын қашырып тұрған бетон тіректер елдің де беделіне нұқсан екенін, бұл жобаның өн бойынан жемқорлықтың иісі мүлкіп тұрғанын атап айтты. Ұзақ жылдан бері бітпейтін дауға айналған жеңіл рельсті көлік жобасының ендігі «тағдыры»



—отандық сәулетшілер мен урбанистердің қолында.

Сонау 2005-2006 жылдары елорданың бет-бейнесін өзгерткен ерекшеліктен ерекше жобалардың бірі ретінде Астана LRT да ұсынылғаны мәлім.

(Соңы 4-бетте)

Бітімгершілік күштердің алғашқы легі елдеріне қайтты



Алматы қаласында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттерден келген бітімгершілік күштерінің бірқатар әскери қызметшілерін шығарып салу рәсімі өтті.

Арман ОКТЯБРЬ, «Egemen Qazaqstan»

Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия гене-

ралы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының саптық алаңында өткен бітімгершілік контингенттерді шығарып салу

рәсіміне ҰҚШҰ-ның Бас хатшысы Станислав Зась, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Мұхамеджан Таласов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қатысты.

ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгершілік күштері тобының қолбасшысы, генерал-полковник

Анатолий Сердюков барлық жеке құрамға батыл шешімдері мен әскери борышын мінсіз орындағандары үшін алғыс білдірді.

Сонымен қатар қолбасшы Қазақстан Қорғаныс министрлігінің басшылығына көпұлтты бітімгершілік контингенттің тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге көмектескені үшін ризашылық танытты.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Мұхамеджан Таласов Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы – ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұйымға мүше мемлекеттердің басшыларына елдегі жағдайды тұрақтандыруға жәрдемдесу үшін Біріккен бітімгершілік контингентін енгізу туралы өтініш жасағанын атап өтті.

— Сіздер стратегиялық және басқа да маңызы бар нысандарды күзетуді қамтамасыз еттіңіздер. Бітімгершілік контингент келіп қазақстандық әскери қызметшілер, ішкі істер қызметкерлері содырларды іздестіру және ұстау бойынша өздерінің тікелей міндеттеріне кірісе алды, — деді М.Таласов.

(Соңы 2-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Заңдылықты сақтауға шақырды

Бас прокуратура Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Алматы қасіретінің» және басқа өңірлердегі террористік шабуылдардың себептері мен егжей-тегжейін анықтап, елдегі қоғамдық қауіпсіздікті толық қалпына келтіру бойынша барлық қажетті шараны қабылдап жатқанын мәлімдеді.

Меруерт БҮРКІТБАЙ, «Egemen Qazaqstan»

Бас прокуратура таратқан хабарламаға сәйкес адам шығыны тіркелген оқиғаларды тергеп-тексеруге ерекше назар аударылып жатыр. Ел бойынша олардың жалпы саны анықталуда. Әрбір факт тиісті құқықтық баға беру арқылы мұқият тергеп-тексеріледі.

Төтенше жағдай режимі кезінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін 6 966 әкімшілік іс қозғау туралы хаттамалар толтырылды, 4



918 адам әртүрлі әкімшілік жауапқа тартылды, оның ішінде 1 978 адам қамаққа алынды. 791 адамға айыппұл салынды және 2 149-ы ескертілді. Соттардың қарауында 2048 материал бар.

Бүгінде жедел-тергеу топтары 494 қылмыс-

тық істі, оның ішінде 44 – терроризм актілері бойынша, 34 – жаппай тәртіпсіздіктер бойынша, 15 адам өлтіру және басқалары бойынша тергеп жатыр.

(Соңы 2-бетте)

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Ұлттық анимация қолдауға зәру

Әлемдік киноиндустрияда анимациялық фильмдердің алатын орны ерекше, сондықтан да олар осы салаға жүздеген миллион доллар жұмсайды. Бұл шығын қысқа мерзімде әлденеше есе артығымен таза табыс болып құйылады.

Маржан ӘБШ, «Egemen Qazaqstan»

Мультфильмдер – балаларды қызықтырып уақытын өткізетін һәм танымдық тұрғыда жетілдіретін тәрбиелік құрал ғана емес, нарыққа шығатын көркем тауар сынды. Елімізде қазақ әдебиетіндегі авторлық және фольклорлық туындылардың желісі бойынша жасалған мультфильм-



дер қазіргі күні едәуір мөлшерде баршылық. Дегенмен бүгінгі балдырғандар отандық мультфильмдерге қызыға ма? Кейінгі уақытта оқтын-оқтын аударылып жатқан шетелдік анимациялық фильмдердің тақырыбы қандай?

Жалпы, қазіргі мультфильмдердің сапасы сын көтере ме? Биылғы Балалар жылының басында осындай толғамды мәселені қозғауды жөн көрдік.

(Соңы 5-бетте)